Жеңіс шұғыласы

№ 11 (9000),
жұма, 29 наурыз
2024 жыл

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ БОАО АЗИЯ ФОРУМЫНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ СЕССИЯСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ

Қасым-Жомарт Тоқаев жыл сайын Қытайдың Хайнань провинциясында өтетін Боао Азия форумының (БАФ) пленарлық сессиясының ашылу рәсіміне қатысты. Биылғы 23-ші форум «Азия және әлем: ортақ сынқатерлер, ортақ жауапкершілік» деген тақырыпта өтіп жатыр.

Қазақстан Президенті аталған форумда құрметті қонақ ретінде сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы жиын қатысушыларына ілтипат білдіре отырып, құбылмалы геосаяси ахуал мен экономикалық қиыншылықтың салдарынан туындаған жаһандық тұрақсыздық жағдайында бұл платформа диалог пен халықаралық ынтымақтастық орталығы ретінде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

– Осы онжылдықтың ортасына қарай жаһандық жалпы ішкі өнімнің өсу қарқыны соңғы 30 жылда ең төменгі деңгейге түсетіні айқындала бастады. Сонымен қатар жетекші елдер арасындағы сауда қатынастарының шиеленісуі – әлі де әлемдік экономиканың алдында тұрған негізгі сын-қатерлердің бірі. Протекционизм саясаты мен сауда дауларының ушығуы жаһандық жеткізу тізбегін бұзып, экономикалық өсімді тежейді, сондай-ақ инвесторлардың сеніміне селкеу түсіреді. Жаһандық экономикаға дамудың жаңа парадигмасы керек екені анық. Бұл мәселені шеше алмасақ, таяу онжылдықтағы мүмкіндіктер қолымыздан сусып кетуі әбден ықтимал, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы орнықты дамудың жаңа дәуіріне қадам басар тұста Азия елдері көш бастап тұрғанына назар аударды.

– Биыл Азия елдері әлемдік жалпы ішкі өнімнің 60 пайыз өсіміне қол жеткізеді деген болжам жасалып отыр. Дүниежүзілік сауданың 53 пайызы осы құрлықтың үлесіне тиесілі. Мұнда әлемнің ірі және қарқынды дамып келе жатқан экономикалары орналасқан. Соңғы жылдары Азияға тартылған тікелей шетелдік инвестиция көлемі едәуір ұлғайды. Сондай-ақ бұл аймақта патенттік әзірлемелердің 70 пайызына иелік ететін әлемнің жетекші технологиялық орталықтары бар. Құрлық айтарлықтай адами ресурсқа ие. Әлемдегі ірі 30 қаланың 21-і Азия құрлығында орналасқан. 2030 жылға қарай орта таптың тұтыну көлемінің өсімі 30 триллион доллар болмақ. Болжам бойынша оның 1 триллион доллары ғана батыс экономикасына тиесілі. Осы факторлардың барлығы мұның «Азия ренессансы» екенін көрсетеді, – деді Президент.

Мемлекет басшысы алдағы жылдары жаһандық өсім мен дамуды ынталандыру ісін жалғастыру үшін Азия өңірінің мол әлеуеті бар екенін атап өтті.

– Осы ретте Боао форумы жалпыға ортақ экономикалық прогреске қол жеткізу жолындағы Азиялық инновациялық тәсілдің іске асқанын анық көрсетеді. Сондай-ақ бұл жиын Қытайдың жаһандық дамуға деген ұстанымының айқын символы ретінде танылды, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысының айтуынша, бүгінде Қазақстан мен Қытай қарым-қатынасы тиімді серіктестіктің үлгісі саналады. Еліміз Қытайдың Орталық Азиядағы негізгі сауда-экономикалық серіктесіне айналды.

– Қытайдың аймақтағы сауда-саттығы мен салған инвестициясының тең жартысы Қазақстанның үлесіне тиесілі. Былтыр Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы 41 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұл – тарихи рекордтық көрсеткіш. 2023 жылы елдеріміз арасындағы жүк тасымалының көлемі 22 пайызға артып, шамамен 30 миллион тоннаға жетті. Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қазақстанға жасаған сапары кезінде «Бір белдеу, бір жол» ауқымды мегажобасын таныстырған болатын. Аталған жоба Шығыс пен Батыс арасындағы негізгі көпір қызметін атқарады, ал Қытайдан Еуропаға құрлық жолымен тасымалданатын жүктің 80 пайызы Қазақстан аумағы арқылы өтеді. Бұл маңызды артықшылықты біз толыққанды пайдалануға тиіспіз. Біздің өз инвестициямыз да «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен стратегиялық тұрғыдан сабақтас әрі заманауи, мультимодальды, экологиялық тұрғыдан қауіпсіз және орнықты инфрақұрылым құруға бағытталған, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде еліміздің жаңа экономикалық бағытына айрықша назар аударды.

– Былтыр еліміздің экономикалық өсімі 5,1 пайызды құрады. Бұл әлемдік экономиканың болжамды даму қарқынынан шамамен екі есе көп. Біз ортамерзімді перспективада экономиканың өсімін кемінде 6 пайыз деңгейінде ұстап тұруды және 2029 жылға қарай оның көлемін екі есе ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мен жаңа экономикалық бағытты жарияладым. Бұл бастама күшті әрі қарқынды дамыған мемлекет құруға бағытталған құрылымдық реформаларды жүзеге асыруды көздейді. Қазақстандағы ашық есік саясаты, мол ресурстар және либералды нарықтық реформалар көптеген шетелдік, соның ішінде қытайлық компаниялардың да назарын аударды. Осы орайда біз азиялық серіктестерімізді экономикамызға инвестиция құюға, өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа бағыттарын қарастыруға шақырамыз, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев фискальды және ақша-несие жүйесін жетілдіру, қаржы ағындарын кеңейту, институттардың сапасын арттыру шаралары нарықтық және бәсекеге қабілетті экономика қалыптастыруға ықпал етеді, соның нәтижесінде аталған сала анағұрлым ашық, сенімді әрі қарқынды бола түседі деп санайды.

Алайда, Президенттің пікірінше, бұл мақсаттарға қол жеткізіп, қазіргі жаһандық сын-қатерлерге төтеп беру үшін күш біріктірген жөн. Осы орайда Мемлекет басшысы бірқатар өзекті міндетті айқындап берді. Оларды іске асыру үшін бүкіл әлемдік қоғамдастық күш жұмылдыруы қажет.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, әлемге әділдік пен ашықтық қағидаттарына негізделген жаңа әрі көпжақты сауда жүйесі керек.

– Бүгінде сауда кедергілерінің көбеюі, протекционизм мен келісімдердің бұзылуы жаһандық экономикаға айтарлықтай қиындық туғызып отыр. Бұл түйткілдерді шешу үшін әділетсіз сауда кедергілерін жойып, цифрландыру арқылы жеткізу тізбегінің ашықтығын арттыру қажет,– деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент әлемдік қаржы жүйесіне де жаңа тәсілдер қолдану керек деп санайды. Мемлекет басшысы қаржы жүйесінде тек таңдаулылар ғана пайдаға кенелмей, барлық елге тең мүмкіндік берілуге тиіс екенін айтты. Сондай-ақ халықаралық қоғамдастықты орнықты қаржыландыру саласында барынша пәрменді шаралар қабылдауға шақырды.

– Нарықтық капитализациясы орасан зор Азиядағы алып облигациялар нарығы көптеген даму жобаларына қолдау көрсететін әлеуетке ие. Еуразиялық даму банкі жаңа қаржылық инвестициялық құрал ретінде панда-бондтардың бірінші легін шығаруды жоспарлап отыр. Бұл жаһандық инфрақұрылым жобаларын қаржыландыру үшін аса маңызды болуы мүмкін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты ахуалға тоқталды.

– Дүниежүзі тұрғындарының шамамен үштен бір бөлігі әлі де азық-түлік тапшылығын сезініп отыр. Орталық Азияда бидай өндіру бойынша жетекші ел саналатын Қазақстан өзінің ауыл шаруашылығы саласындағы әлеуетін жаһандық азық-түлік тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін пайдалануға ниетті. Біз мақсатты бағдарламалар жасау, бірлескен агроинновациялық орталықтар құру және инновациялық технологиялар трансферті арқылы халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға тиіспіз. Ол үшін күш жұмылдыруымыз керек, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Азия елдері арасындағы көлік-транзит ынтымақтастығын нығайтудың стратегиялық мәні зор екеніне назар аударды.

– Қолданыстағы және жаңа көлік бағыттарын дамыту үшін барынша күш-жігер жұмсау аса маңызды. Транскаспий халықаралық көлік бағыты немесе «Орта дәліз» осы санатқа жатады. Аталған көлік бағдары Азия мен Еуропа арасындағы жеткізу тізбегінің қауіпсіздігін әлдеқайда тиімді қамтамасыз етеді. Былтыр осы бағыттағы жүк тасымалы екі есе артып, 3 миллион тоннаға жетті. Алдағы жылдары бұл көрсеткіш 10 миллион тоннаға жетеді деген болжам жасап отырмыз. Сондай-ақ Қазақстан «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін дамытуда көрші елдермен ынтымақтастық орнатуға дайын, – деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті жаһандық экономиканың орнықты өсімін қамтамасыз ету үшін технологиялық ынтымақтастықты, әсіресе, жасанды интеллект саласындағы ықпалдастықты нығайту маңызды деп санайды. Бұл орайда Президент Қытайдың «Жасанды интеллектіні басқару жөніндегі жаһандық бастамасын» қолдады.

Сондай-ақ Қазақстан бірлескен инновациялық IT-жобаларды жүзеге асыру мақсатында Азияның жетекші технологиялық алпауыттарымен серіктестік орнатуға мүдделі екенін мәлімдеді.

Мемлекет басшысының айтуынша, шикізаттың аса маңызды түрлерін өндіру ынтымақтастықтың тағы бір перспективті бағыты саналады.

– Сирек кездесетін металдар көптеген технология үшін аса маңызды компонентке айналды. Олар өнеркәсіп, цифрлық технологиялар, ғарыш және қорғаныс сияқты стратегиялық салаларда мүлдем қалдық болмайтын деңгейге жету үшін қажет. Біз уран, литий, титан және басқа да сирек кездесетін элементтердің ірі кен орындарын игерудің ең тиімді тәсілдерін қолдану мақсатында халықаралық серіктестермен бірлесе жұмыс істеуді жалғастыра береміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Азия өзінің экономикалық, технологиялық және мәдени артықшылықтарын пайдалану арқылы әлемнің келешек даму бағытын айқындауда шешуші рөл атқара алатынына сенім білдірді. Бұл ретте Президент Боао Азия форумы және Астана халықаралық форумы (AIF) сияқты маңызды халықаралық диалог алаңдарының практикалық перспективасы зор екенін атап өтті. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Қасым-Жомарт Тоқаев БАФ қонақтарын 2024 жылдың маусым айында өтетін Астана халықаралық форумына шақырды.

Сонымен қатар жиында БАФ Директорлар кеңесінің төрағасы Пан Ги Мун, Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы Чжао Лэцзи, Науру Президенті Дэвид Аданг, Шри-Ланка Премьер-министрі Динеш Гунавардена, Доминика Достастығының Премьер-министрі Рузвельт Скеррит, «Ақсақалдар кеңесі» халықаралық үкіметтік емес ұйымының төрағасы Мэри Робинсон, ЭЫДҰ Бас хатшысы Матиас Корманн, Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының бас директоры Дарен Танг және Камбоджа Королдігі Халықтық партиясының төрағасы Хун Сен сөз сөйледі.

akorda.kz

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ СУДЫ ҮНЕМДЕЙТІН ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ СЫНАП КӨРУГЕ ЖӘНЕ ОТАНДЫҚ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІ ҮШІН «ЖАСЫЛ ДӘЛІЗ» ҚҰРУҒА КЕЛІСТІ

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғарин мен Қытай Халық Республикасы Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы Халық үкіметінің төрағасы Эркин Тунияз ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық және ондағы өнімділікті 30%-дан 70%-ға дейін арттыратын су үнемдеу технологияларын енгізу мәселелерін талқылады.

Қазақстанда суармалы жерлердің 50%-ына дейін су үнемдеу технологияларымен қамту жоспарлануда. Әзірге бұл көрсеткіш 16%-ды құрап отыр. Қойылған міндеттерді іске асыру үшін бірқатар кешенді шара қабылданып жатыр.

«Бізде ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте су үнемдеуді енгізуді қолдау және ынталандыру үшін барлық бағдарламалық құжат бар. Біз бизнес-құрылымдармен жұмыс істеуге дайынбыз. Алматы, Түркістан және Қарағанды облыстарында жобаларды іске асыру басталды», — деді ҚР су ресурстары және ирригация бірінші вице-министрі Болат Бекнияз.

Қытайлық тарап суды үнемдеу саласында кешенді қызметтер көрсетуші «Тянье» компаниясының технологияларын қарастыруды ұсынды. Корпорация ҚХР-дағы 500 ірі компанияның қатарына кіреді. Оның өкілдері өз тәжірибелерімен бөлісуге дайын, соның арқасында фермерлер 1 му-дан (1 га=15 му) 500 кг мақта мен бір тонна жүгері жинайды.

Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде су үнемдеу технологияларын енгізу бойынша бірлескен ғылыми сынақтар жүргізу үшін Серік Жұманғарин өз жерлері бар Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығымен ынтымақтастықты ұсынды. Сондай-ақ компанияның біздің елімізде тек өндіріс орындарын ғана емес, оған қоса арнайы техника арқылы тамшылатып суару бойынша оқу орталықтарын ашу мүмкіндігін қарастыру ұсынысы қолдау тапты.

Сонымен қатар тараптар отандық ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізу бекеттері арқылы көлік құралдарымен жеделдетіп өту үшін «жасыл дәліз» құру және «жасыл пломбалар» түріндегі бірыңғай сәйкестендіру құралдарын енгізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды талқылады. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков қазақстандық тарап осы тетіктерді қолдануды толық қолдайтынын атап өтті. Шекарада бақылауды жеңілдетуге мүмкіндік беретін режелерді біріздендіру бойынша ҚХР-дан нұсқаулар алынды. Мәселе мүдделі мемлекеттік құрылымдармен келісу сатысында тұр.

Анықтама: Ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық – қазақ-қытай қатынастарының маңызды құрамдас бөлігі. 2023 жылы ҚР мен ҚХР арасындағы АӨК өнімінің тауар айналымы 1,7 есе өсіп, $1,3 млрд-тан асты (экспорт – $1,01 млрд (+184%), импорт – $290,2 млн (+125%).

primeminister.kz

ҚАЗАҚСТАН ШҰАА-ДА ӨТЕТІН III ӨҢІРАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ФОРУМЫНА ҚАТЫСАДЫ

Бұл туралы 2024 жылғы 26 наурызда Қазақстан Премьер-Министрінің орынбасары Серік Жұманғарин мен Қытай Халық Республикасы ШҰАА Халық үкіметінің төрағасы Эркин Тунизбен екіжақты кеңейтілген кездесу барысында уағдаласты.

Серік Жұманғарин ШҰАА делегациясын жылы қарсы алып, Шыңжаң Қазақстанның ірі сауда серіктестерінің бірі екенін атап өтті.

«Серпінді өсу үрдісі біздің сауда қарым-қатынастарымыздың әлеуетін толық ашқан жоқ деп санаймын. Біз тауар айналымын әртараптандыруға және жеткізілетін өнім номенклатурасын кеңейтуге бағыт алып отырмыз. Бұл үшін біз Қытай тарапының 2024 жылғы 26 маусымда Үрімжіде III өңіраралық ынтымақтастық форумын өткізу туралы ұсынысын қолдаймыз. Біз сондай-ақ «Қытай-Еуразия» ЭКСПО халықаралық көрмесіне қатысуға дайындалып жатырмыз, оның аясында форум өтеді. Қазақстан оған дәстүрлі түрде қатысады. Бұл жолы алаңды ұлғайтып, көбірек кәсіпкерлер шақырамыз, ұсынылатын өнім түрін көбейтеміз», — деді Қазақстан вице-премьері Қытай тарапына.

Өз кезегінде Эркин Тунияз екі мемлекет басшылары арасындағы келісімдерді жүзеге асыру нәтижелеріне ерекше тоқталып, бұл қарым-қатынастарға 2023 жылғы Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Үрімжіге сапары мен ШҰАА партия комитетінің хатшысы Ма Синжуйдің Қазақстанға жасаған сапары ерекше серпін бергенін атап өтті.

«Бүгінде Қазақстанмен сауда ШҰАА сыртқы тауар айналымының 40%-ын құрайды. 2023 жылдың қорытындысы бойынша біздің тауар айналымымыз $20 млрд-қа жетіп, 70%-дан астам өсті. 2024 жылдың 2 айында – $3,6 млрд-ты құрады, бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 89,5%-ға жоғары. Өткен жылдың қорытындысына сәйкес, ШҰАА жалпы ішкі өнімнің өсімі бойынша ҚХР-да 4-ші орынға, ал сыртқы тауар айналымының өсімі бойынша екінші орынға ие. Қазір біз ынтымақтастығымыздың негізгі бағыттары бойынша бірлесіп жұмыс істеуге дайынбыз», — деп мәлімдеді ҚХР ШҰАА Халық үкіметінің төрағасы.

Кездесуде тараптар сауда, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика, су үнемдеу технологиялары, құнды қағаздар, «Қорғас» ШЫХО-ны дамыту, медицина саласында бірлескен кәсіпорындар құру және ашу, жерді қашықтықтан зондтау, білім беру, туризм мәселелері бойынша екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін талқылады.

primeminister.kz

МЕКТЕПТЕ КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Еңбек деген байлық бар
ерінбеген жететін,
Жоқшылық деген жебірді жер-
мен жексен ететін

Көркем еңбек сабағы балалар мен жасөспірімдерді дамытуда, олардың өмірін рухани байытып, көптеген құндылықтарды қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл пән оқушылардың ішкі мүмкіндіктерін ашуға көмектесіп қана қоймай, сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді. Біріншіден, көркем еңбек сабақтары шығармашылық ойлауды дамытады. Оқушылар қоршаған әлемді жаңаша көруді, жаңашыл шешімдерді табуды, түрлі көздерден шабыт іздеуді, өнер арқылы өз ойлары мен идеяларын жеткізуді үйренеді. «Еңбек адамның көркі, адам заманның көркі» демекші көркем еңбек сабақтары қиялды дамытуға көмектеседі. Кескіндеме, мүсін, қолөнер және басқа да шығармашылық іс-әрекеттер балаларға қайталанбас бейнелер жасау арқылы олардың ішкі әлемін кеңейтуге көмектеседі. Еңбек ерлікке жеткізеді, ерлік елдікке жеткізеді. Көркем еңбек сабақтары оқушылардың ұсақ моторикасын дамытатынын да ескерген жөн. Қылқаламмен, қарындашпен, балшықпен, ермекссазбен және басқа да көптеген материалдармен жұмыс істеу дәлдік пен қозғалыстарды үйлестіруді талап етеді, бұл моториканың дамуына жақсы әсер етеді. «Еңбек түбі – береке» демекші, көркемдікке үйрену, еңбекке баулу оқушыларға әртүрлі халықтардың мәдени мұрасын жақсы түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді. Олар әртүрлі дәуірлер мен мәдениеттердің өнер туындыларымен танысады. Бұл олардың ой-өрісін кеңейтуге және әртүрлілікті құрметтеуге көмектеседі.

«Еңбекке бейім болсаң, қатарыңнан кейін болмайсың» деп тегін айтылмаған. Көркем еңбек пәні балаларды еңбек сүйгіштікке үйретіп, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Әр істі аяғына дейін жеткізуде шыдамдылық, төзімділік сияқты қасиеттерді дамытады, шеберлік деңгейін арттырады. Көркем еңбек пәнінде бала өнерде және көркем шығармада айтылған адамдардың ойын, сезімін, құндылықтары мен өмірге деген көзқарасын түсініп, бойына сіңіре алады. Халықтың рухани мәдениетінің ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан негізгі құндылықтары адамдардың бойында адалдық, мейірімділік, шыншылдық, ұжымшылдық, азаматтық жауапкершілік пен еркіндік сезімін оятуға ықпал етеді.

Көркем еңбек – көп ғасырлық тарихы бар, халық мәдениетінің көп ғасырлық дәстүрлері бар күрделі қызмет. Бұл пән тоқу, бояу, тігу, пішу, бұрау және басқа да дәстүрлі өнер мен ерте заманда ойлап табылған халық қолданбалы өнерін үйретеді. Бұл жағдайда көркем құралдар пайдаланылады, оның көмегімен бала әртүрлі материалдардан – қағаздан, матадан, қағаздан, жапырақтан, картоннан және т.б. жасалған құралдарды (қайшы, пышақ, степлер, инелер, ілмек, т.б.) меңгереді, қасиеттерін зерттейді және олардан өнер туындыларын жасауды үйренеді. Әртүрлі тапсырмаларды орындау барысында салыстыру, талдау, қорытынды жасау, өз пікірлерін дәлелдеу дағдыларын меңгереді.

Қорытындылай келе, көркем еңбек сабақтары өзін-өзі көрсетуге және өзіне деген сенімділікке ықпал етеді. Еңбек арқылы балалар мен жасөспірімдер өз ойларын, эмоциялары мен сезімдерін білдіре алады. Сонымен қатар олардың жетістіктерін көре аламыз. «Еңбекке жастан, өнерге бастан» дегендей, олардың өзін-өзі бағалауы мен шығармашылық өсуге ынтасы арта түседі.

Самат БЕЙСЕМБАЕВИЧ,
«Мичурин атындағы негізгі орта мектебі мектепке дейінгі шағын-орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі

ҰЛТТЫҚ РУХТЫҢ НЕГІЗІ – ҰЛТТЫҚ ТІЛ

Әр халықтың ана тілі оның жаны, ұлттық болмыс-бітімінің бейнесі, ғасырлар бойы жинақтаған рухани байлығының көзі, ішкі жан дүниесінің өзіне ғана тән құпиясы. «Ел тәуелсіздігі – тіл тәуелсіздігі, тіл –ұлттың төлқұжаты, мемлекеттік тұғыры» демекші, осы бағыттағы болашақтың берік іргетасы бүгін қалануы қажет. Конституцияның 7-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тілі - қазақ тілі болып табылады. Осы ана тіліміздің қолданыс аясы кеңіп, үлкен мәртебеге ие болуына, қазіргі әлемде кең қолданыста жүрген тілдермен терезесі теңелуіне әр азамат өз үлесін қосуы тиіс.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы 1997 жылғы 11 шілдеде қабылданды. Осы заңның 4-ші бабында: «Мемлекеттік тіл –мемелкеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс-қағаздарын жүргізу тілі. Сонымен бірге, үкімет, мемлекеттік органдар мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға және қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы мен дамытуы үшін көмек көрсетугі міндетті»,- деп көрсетілген. Мемлекеттік тілге қатысты мәселе аз емес. Дегенмен көп жағдайда мемелекеттік тілдің рөлі орыс тілінің басым екені байқалатыны жасырын емес. Сондықтан қазақ тілінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында мемлекеттік деңгейде түрлі іс-шараларды жиі ұйымдастыру қажет. Іс-қағаздардардағы мемлекеттік тілдің сапасы артса, қоғамдағы тілге деген құрметі мен сұранысы арта түсері сөзсіз. Осы бағытты дамыту үшін мемлекеттік қызметтің қай саласы болмасын қызметкерлерді емлелік, лексикалық, стильдік қателерсіз жазып үйрететін арнайы курстар санын көбейкен жөн. Егемендік алғаннан кейінгі жылдары мемлекеттік тілге қатысты нақты іс-шаралар сейіліп, филологиялық тұрғыда сапасы сын көтермейтін сөздіктер мен аудармалар жарық көрді. Сөз тіркесінің және сөйлемнің грамматикалық құрамына сәйкес келмейтін сөйлемдер көбейіп, қызметке қажетті терминдер қазақшаға сапасыз аударылды. Осылайша қазақ тілі орыс тілінің аудармасына, қазақша нұсқадағы баламасына айналды. Оны заңнамалардың орыс тілінде қабылданып, қазақ тіліне аударылатынынан да байқауға болады. Тарихқа үңілсек ақын-жыраулар бүгінгі ұрпаққа өнерін өнеге етіп қазақ тілінде қалдырса, хандар мен шешендеріміз дауларды шешіп отырған. Бертін келе, яғни XX ғасырдың басында тіл мәселесіне қатысты көптеген еңбек жазып, термин жасау ісіне ерекше үлес қосқан тұлғалардың бірі де бөрегейі Халел Досмұхамедұлы болатын. Оның еңбектері негізінен әдеби тіл, жер-су аттары, аударма, түркі тілдерінің тарихы, көне сөздердің мағыналарын және шығу тегін ашуға арналған.

Қазақ тілі – ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес мұра. Олай болса әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, көркейтуге, оның заңдылығын сақтауға тиіс. Осы орайда ғұлама-ғалым Ахмет Байтұрсынұлының: «Ұлттың жоғалуына себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл, сөзі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады»,- деген сөздері еске түседі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін ана тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз қажет. Тіліміздің әрі қарай дамуы, мәртебесінің артуы елдің әрбір азаматына байланысты. Біздің борышымыз, азаматтық міндетіміз мемлекеттік тіліміздің көздің қарашығындай сақтау, бағалау, мәртебесін арттыру болып табылады.

Гульжазира САДАБАЕВА,
Ескелді аудандық сотының төрағасы

«БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА, «БАЛАНЫ КІТАП ОҚУҒА ҚАЛАЙ ҚЫЗЫҚТЫРУҒА БОЛАДЫ?»

Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар – деп Ыбырай Алынсарин атамыз айтқандай, кітапхана оқырмандарын, кітап оқуға қызықтыру мақсатында «Балалар кітапханасы» жобасы аясында, мектеп кітапханасы жаңа әдеби оқулықтар мен толықты.

Кітапханамыздың тұрақты оқырмандары өте көп,жаңа әдеби кітаптармен толыққалы оқырмандар саны көбеймесе, азайған жоқ.Кітапханамыз жас оқырмандармен, жалпы оқырмандар үшін заман талабына сай, смарт теледидармен жабдықталды. Ақын – жазушыладың өмірі мен шығармашылығына арналған және тарихи кинолар,балаларға арналған ертегілерді көріп оқырмандардың кітапханаға келу қызығушылықтары артты.

«Баланы кітап оқуға қалай қызықтыруға болады» – деген тақырыпқа тура қарайтын болсақ, кітапханашы ретінде өзімнің ойыммен бөліскім келеді. Заман ағымы дейміз, уақыт талабы дейміз, баланың мектептен тыс бос уақытын, қайда жұмсап жатқанын білесіз. Білсе де шындығында көретін көз көрмей, еститін құлақ ондайда естімей қалады дегенге тура келеді. Әрине қолындағы ұялы телефон. Әрі қарай айтпай – ақ та, аян ғой.

Әр өзгеріс, әр жаңару, әрине, отбасынан басталады. Отбасылық әдемі бейне ата – анасы бір мезгіл қолына кітап,газет – журнал алса, баланың есінде сол бейне қалыптасатыны сөзсіз. Ия, бұл жерде ата – ана оқымайды дегенім емес, «ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген нақыл сөз дәлелі болар.

Отбасындағы әдет қоғамның ортасында әдеп болып көрінеді. Балаңыздың болашағының бастауы отбасы мен қоршаған ортасы және оқитын кітабы.

Диқаншы қолына дән алғанда ғана біледі, еңбегінің жемісін. Балаңыздың білімі жемісті болу үшін сіз болып, біз болып оқуға қызықтыруға атсалысайық. Кітапхананың әр оқырманына, болашақ мамандық иесі ретінде қараймын. Өзі қызығып алған шығармалары мен ертегілерді, әңгімелеп айтуға асығып келетіндері өте көп. «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «Балалар кітапханасы» жобасының да басты мақсаты, кітапқа көңіл бөлу,жақсы әдет қалыптастыру. Кітап оқыған әр адамның сөзі де, ойы да сауатты болады. Жобалардың аясында көптеген іс – шаралардың негізгі мақсаты осы. Әр сынып жетекшілері, үлкен үзілісте 20 минуттық оқу уақытын қалыптастырды. Мұғалім мектептің – жүрегі болса, мектептің нұры - кітапхана дегім келеді. Сол нұрдан, шуақ алып тарайтын кішкентай оқырмандары.

Айжан ЕРМУХАНБЕТОВА,
Қоңыр орта мектебінің Кітапханшысы

Жемқорлық – жағымсыз әдет

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланыссыз, оның ішінде Қазақстанда да әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік -экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процессін тежейді. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлықпен күрес.

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресу механизмінің барлық елдерге тиімді болатын бірегей жинағы жоқ. Әрбір мемлекет қолданатын сыбайлас жемқорлықпен күресу әдістерінің жиынтығы өзгеше, ол елдің саяси және экономикалық тұрақтылығына ғана емес, сонымен қатар әдет-ғұрпы мен салт – дәстүрлеріне, діни ерекшілігімен құқықтық мәдениет деңгейіне және аумағы бойынша алатын жеріне, халқының саны мен орналасу тығыздығына да байланысты болады.

Қазақстанда экономиканы жандандыру және ауқымды әлеуметтік түрлендіру жағдайында мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік – экономикалық саясатымен тығыз байланысқан бүтіндей стратегияның қажеттілігіне анық көз жеткізілді. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының базалық бағыттары Елбасының «Қазақстан – 2050» Стратегиясында, «100 нақты қадам» - Ұлт жоспарының 13 қадамында жемқорлыққа қарсы күресті күшейту мәселелерін қарастыру міндеттеліп, іс – шараларды іске асыру жоспарланған. Бұл кезекте сыбайлас жемқорлықтың көріністерін түп – тамырмен жою алгоритмі – маңызды бағдарламалық құжат болып табылатын Елбасымыздың 2015 – 2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұзақ мерзімді жаңа Стратегиясы бекітілді.

Стратегияның мақсаты –мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа кез келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету.

Н.О.ЕСЕЛБАЙ,
Ескелді аудандық статистика басқармасының басшысы

«ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІ»ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ

Қазақстан Республикасы электрондық үкіметінің порталы — мемлекеттік қызметтер туралы ең қажетті ақпарат алуға бірыңғай қол жеткізу нүктесін қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметтер мен сервистерді электрондық түрде ұсынатын, ақпараттық – анықтамалық интерактивтік веб портал. Қарапайым тілмен жеткізіп көрсек, электрондық үкіметтің порталы – ол сіз бен біздің күнделікті электрондық цифрлы қолтаңба арқылы өзімізге қажетті мемлекеттік қызметтерді алатын egov.kz порталы.

Бұл дегеніміз мемлекеттік қызметтерді алу барынша автоматтандырылған, оңтайландырылған, қоғамның әрбір мүшесіне әлеуметтік коммуникация шығындарын төмендету мақсатына қызмет ететін электронды жүйе. Еліміздің әрбір азаматы «Электронды үкімет» веб-порталына «пайдаланушы кабинетін» ашу арқылы тіркеле отырып, электрондық цифрлық қолтаңба арқылы электрондық қызметті алу мүмкіндігіне ие болады.

Электрондық үкімет порталы мемлекеттік органдарының жұмысын анағұрлым тиімді, азаматтарға қызметтерді қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Бүгінде электрондық үкімет жобаларының арқасында қағаз түрінде көрсетілетін қызметтер күрт төмендеді.

Электрондық үкімет – ақпараттық технологиялар көмегімен ішінара келісушілікті қамтамасыз ететін, мемлекет пен азаматтар арасындағы, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің бірыңғай механизмі. Мемлекеттік органдарға кезекті қысқартып, анықтама, куәлік, рұқсат құжаттарын және тағы басқаларын алуды жеңілдетуге әрі жылдамдатуға мүмкіндік берген де дәл осы механизм.

Қазіргі таңда электрондық цифрлық қолтаңбаны смартфонда сақтай отырып, электрондық үкіметтің мобильдік қосымшасы арқылы онлайн қызметтерді алуға болады. Бұл – кезек күтпей, уақыт үнемдеудің ең тиімді жолы. Бұл Халыққа қызмет көрсету орталықтарына және мемлекеттік қызметтерді көрсететін органдарға баратын адамдардың санын мейлінше азайтады. Соңғы уақытта ауыл тұрғындарының электрондық түрде қызмет алуы күннен күнге ұлғаюда.

Е.А.АДИЛЬМУРАТОВ,
«Қаратал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің бас маманы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ АТЫНА КІР КЕЛТІРЕТІН ІС-ӘРЕКЕТТЕРДЕН АУЛАҚ БОЛҒАНЫМЫЗ ЖӨН

Сыбайлас-жемқорлықпен күрестің негізгі қағидаларын сақтау және жүзеге асыру сыбайлас-жемқорлықпен күресте өте маңызды. Бүгінгі күні сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді. Президент жолдауында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажеттілігін атап көрсетті.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Біздің де Көкжазық ауылдық округінің аппарат қызметкерлерімен «Жетісу – адалдық алаңы жобасы аясында» әр-түрлі іс-шаралар, дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады. Мемлекеттік қызметтер барлығы электронды түрде көрсетілетіндіктен қызмет беруші мен қызмет алушының бір бірімен тікелей қатынасын жойып, қызмет алушы барлығын заң жүзінде қағидаларға сәйкес көрсетілетіндігіне кепіл болып сенімдік пен жауапкершілікті дәлелдейді.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін іс-әрекеттерден аулақ болғанымыз жөн.

Тәрбие отбасыдан басталады. Сондықтан ең алдымен отбасындағы беретін тәлім-тәрбиеміз дұрыс болып, болашақ ұрпаққа әділдіктің, шындықтың бар екенін естіп оскен әрбір баламыз ел дамуының ұйытқысы болатын нағыз азаматы боларына сенімдімін.

Сондықтан әрбір отбасы осындай ұрпақ өсіріп отырғанын естен шығармай, «Бір пара – екі қылмыскер» екенін ұмытпауы тиіс.

М.ЖУМАБАЕВ,
Көкжазық ауылдық округінің әкімі

КӨРІСУ КҮНІ

Көрісу — еліміздің батыс өңірлерінде сақталған ежелгі дәстүрлердің бірі. Біраз уақыт ұмыт болған дәстүрдің шығу тарихы туралы бүгінге дейін ғылыми тұжырымдалған анықтамасы жоқ. Бұл күні Наурыздың орта тұсына, 13-14-жұлдызына сайма-сай келеді. Осы күндері батыс аймақтың халқы көршілері мен ағайын-туысын түгендеп, бір-бірінің үйіне қонақтап барады. Амандық-саулық сұрасып, «Бір жасың құтты болсын!», «Бір жасқа есеюіңмен!» деп ақжарма тілек айтады. Әр отбасы таңертеңнен самаурынын қайнатып, қазан-ошағын сайлап, ақ дастарханын тәтті-дәмдіге толтырады. Кішкене балаларға аналары дорба ұстатып қояды. Көрісуге кірген балақайлар әр шаңырақтың асынан ауыз тиіп, дорбасына кәмпит пен бауырсақтан салып алады. Бұл балаларымыз тоқ, дастарханымыз аралас, берекеміз мол, бірлігіміз бекем болсын деген ізгі ниеттен туған дәстүрдің бірі. Араздасқан туысқан болса, бір-бірін кешіріп, төс қағысып, қайта табысады. Арадағы өкпе-ренішті өткен жылға қалдырады. Жасы кішілер үлкен кісілерге ізет көрсетіп, үйіне кіріп, амандасып шығады. Бізде, Ескелді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Асхат Қалымжанұлы Бейсбаев, «Жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге үйде әлеуметтік қызмет көрсету» бөлімшесінің есебінде тұрған жалғызбасты Л.Епишеваға және Д.Молдакуловаға «көрісу» күнімен құттықтап, гүл шоғымен, азақтүлік себетін тапсырды.

Г.ДАЛАБАЕВА,
«Жалғызбасты қарттар мен мүгедектерге үйде әлеуметтік қызмет көрсету» бөлімшесінің меңгерушісі

ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БҰРЫШЫ - МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ!

Мемлекеттік қызмет көрсететін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда өзіне-өзі қызмет көрсету мақсатында, қызмет алушыларға портал арқылы қызмет көрсету және тұрғындардың портал арқылы қызмет алу кезеңінде кеңес беру үшін Ескелді ауданы Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде «Өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы орналастырылып қазіргі таңда ауыл тұрғындарына қызмет етуде. Ауыл тұрғындары «e–gov» порталы арқылы көрсетілетін қызметтерді ХҚКО-на бармай, өз уақытын үнемдеп, электронды түрде мемлекеттік қызметті алуға мүмкіндігі бар.

Сондай-ақ, «Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде 2024 жылдың 1 тоқсанында www.egov.kz порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді алу мәселелері бойынша халықпен ақпараттық-түсіндіру және әдістемелік оқыту брошюраларын тарату бойынша жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар әкімшілік ғимаратында «Электрондық үкімет және электрондық қызметтер» - атты акциясы өткізілді. Осындай оқытулардың нәтижесінде ауыл тұрғындары Төлеңгіт ауылдық округі әкімдігі ғимаратында орналасқан өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы өз беттерінше қажетті электронды құжаттар нұсқасын алуда.

Өз уақытыңызды үнемдеп, «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышын» тиімді пайдаланыңыз.

«Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі төмендегідей мемлекеттік қызмет түрлерін көрсетеді:

1.Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;

2.Сауда - саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу;

3.Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру;

4.Жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру.

«Төлеңгіт ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сі

СНЕЖНЫЕ И ЛЕДЯНЫЕ ОПОЛЗНИ

ЛАВИНА СНЕЖНАЯ – это масса снега, падающая или движущаяся со скоростью 20 – 30 м/с.Падение лавины сопровождается образованием воздушной предлавинной волны, производящей наибольшие разрушения.

КАК ДЕЙСТВОВАТЬ, ЕСЛИ ВЫ НАХОДИТЕСЬ В ЗОНЕ ОПАСНОСТИ:

Соблюдайте основные правила поведения в районах схода лавин:

не выходите в горы в снегопад и непогоду;

находясь в горах, следите за изменением погоды;

выходя в горы, знайте в районе своего пути или прогулки места возможного схода снежных лавин.

Избегайте мест возможного схода лавин. Они чаще всего сходят со склонов крутизной более 30’, если склон без кустарника и деревьев – при крутизне более 20’. При крутизне более 45’ лавины сходят практически при каждом снегопаде.

Помните, что в лавиноопасный период в горах создаются спасательные отряды.

Пожароопасные периоды

Что такое пожароопасный период:

Пожароопасный сезон – это период времени года с момента таяния снегового покрова до наступления устойчивой дождливой осенней погоды или образования снегового покрова.

Пожароопасный период наступает с момента схода снежного покрова и заканчивается с установлением устойчивой дождливой погоды.

На территории нашей области эти сроки приблизительно укладываются в период с первой декады апреля по первую декаду октября. С наступлением сухой теплой и ветреной погоды резко увеличивается количество выездов подразделений пожарной охраны на тушение сухой растительности и мусора. Травяные палы весьма опасны.

Как не допустить возникновения природного пожара

Для этого необходимо очистить лес от хлама, прорубить противопожарные разрывы — широкие просеки с минерализованными полосами, подсеять в лесах травы, проложить дороги, построить наблюдательные вышки, посадить в лесу огнеустойчивые лесные культуры, предусмотреть сохранение полос из спелого леса при проведении промышленных лесозаготовок, выкопать пожарные водоемы, устроить шлюзы на реках, протекающих через лес, и каналах, проложенных с целью лесосушения, и т. д. и т. п. Все эти меры входят в систему противопожарного устройства территории.

Алинур МАЛИКОВИЧ
Көксу орманшылығы орман күтушісі

ГУ «АППАРАТ АКИМА КОКЖАЗЫКСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА» ПРЕДОСТАВЛЯЕТ СЛЕДУЮЩИЕ ВИДЫ ГОСУДАРСТВЕННЫХ УСЛУГ

- «Постановка на очередь на получение земельного участка»,

- «Выдача решения на изменение целевого назначения земельного участка»,

- «Предоставление земельного участка из земель поселка, села»

- «Приобретение прав на земельные участки, которые находятся в государственной собственности, не требующее проведения торгов (конкурсов, аукционов)»

- «Продажа земельного участка в частную собственность единовременно либо в рассрочку

Чтобы воспользоваться электронными услугами необходимо, прежде всего, иметь электронно-цифровую подпись (далее -ЭЦП) получить ее можно в центре обслуживания населения (ЦОН) либо в уголке самообслуживания на портале egov.kz либо на сайте pki.gov.kz сохранить его на носителе как флеш карта, удостоверение личности либо сохранить в цифровом облаке.

Так же в здании акимата действует уголок самообслуживания где в любое время вы можете получить все необходимые услуги (все виды справок) мы обязательно Вас проконсультируем и окажем помощь в получении услуг.

Каждый из Вас имеет право обратиться с жалобой в Департамент по делам государственной службы и противодействию коррупции по телефону 8 (7282) 241191, 8(7282)240688 для защиты своих прав, свобод и законных интересов при получении государственных услуг, а также для внесения предложений по улучшению качества их предоставления.

А.К. АЛПЫСБАЕВА,
Главный специалист ГУ «Аппарат акима Кокжазыкского сельского округа» (87283635182)

АВТОКӨЛІКТЕГІ ӨРТТЕР

Автокөліктегі өрттердің негізгі себептері көліктердің техникалық ақауы және қозғалтқыш бөлігіндегі электр сымдарының қысқа тұйықталуы болып табылады, сол себепті автокөлік жүргізушілеріне көліктегі электр сымдарына назар аудару маңызды екенін ескерген жөн. Көліктегі өртті болдырмауға және өрт туындауы қаупін төмендетуге болады. Ол үшін жүргізушілер автокөлікті уақытында техникалық тексеруден өткізуі және техникалық жай-күйін бақылап отыруы қажет. Ең алдымен әрбір автомобильде ақаусыз өрт сөндіргіш болуы керек. Қажет болған жағдайда, өрт ошағын барынша тез және қысқа мерзімде сөндіруге кірісу үшін, өрт сөндіргіш оңай қол жетімді жерде болуы тиіс. Өрт сөндіргіш қозғалыс кезінде жүргізушіні көлік құралын басқарудан алаңдатпауы тиіс. Өрт сөндіргіштің жағдайын үнемі тексеріп тұрыңыз. Оның майысқан және ісінген жерлері болмауы керек. Баллон қызып кетпеуі керек, бүріккіш еркін қозғалуға, ал оның элементтері деформацияланбауға тиіс. Кез келген өрт сөндіргіштің жарамдылық мерзімі төрт жылдан аспайды, пломбасы сақталуға тиіс. Осы қарапайым шарттардың кез келген бұзылуы құрылғыны ауыстыру үшін себеп болып табылады. Сонымен қатар, өрт сөндіргіштің автокөліктің ішінде орналасуы қажеттігін ұмытпау керек. Баллонды жүк салғышқа лақтыра салудың қажеті жоқ. Өрт сөндіргішті салонға бекітіңіз, алайда қауіп туындаған жағдайда оған оңай жету үшін, тым алысқа орналастырмаңыз. Өрт сөндіргішті пайдалану жөніндегі нұсқаулықты елемеуге болмайды. Төтенше жағдайға дейін бірнеше минут бөліп пайдалану ережелерін оқу және есте сақтау керек. Жану белгілері – түтін, жалын немесе бір түрлі иістер байқалса, автомобильді дереу тоқтатып, электр тізбегін бұзыңыз. Денсаулығына және өміріне зиян келтірмеу үшін, барлық жолаушылар көлік құралын тастап кетуге тиіс. Олардың міндеті – айналадағы жүргізушілердің назарын аудару.

Қ. ӘШІМОВ,
Ескелді ауданы ТЖБ аға инженері

О МЕРАХ ПОЖАРНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ В ВЕСЕННЕ-ЛЕТНИЙ ПОЖАРООПАСНЫЙ ПЕРИОД!

Беспечное, неосторожное обращение с огнём при сжигании сухой травы, мусора на территории дач, садовых домиков зачастую оборачивается бедой.

Чтобы избежать подобных пожаров, необходимо соблюдать несложные правила:

- Не поджигайте сухую траву!

- Своевременно очищайте территорию участка и прилегающую к нему территорию от горючих отходов, мусора, опавших листьев, травы. Помните– там, где отсутствует горючая среда, огня не будет!

- Установите у каждого строения ёмкость с водой.

- Устройте противопожарные полосы для предотвращения переброски огня при пожарах на здания и сооружения. Оградите своё имущество от пожара очищенной от травы полосой земли.

- Не оставляйте без присмотра во дворах баллоны с газом, а также ёмкости с легковоспламеняющимися или горючими жидкостями.

- Не оставляйте брошенными на улице бутылки, битые стекла, которые превращаясь на солнце в линзу, концентрируют солнечные лучи до спонтанного возгорания находящейся под ней травы.

- Строго пресекайте шалость детей с огнём.

Н. Жаксыбаев,
Начальник ОЧС Ескельдинского района

ПОЖАРООПАСНЫЙ ПЕРИОД 2024 ГОДА

Ежегодно, с наступлением весеннее-летнего пожароопасного периода, увеличивается количество пожаров из-за горения сухой травы и горючих отходов. Отдел по чрезвычайным ситуациям Ескельдинского района рекомендует: обустроить противопожарные разрывы путем выкоса травы и вспашки между постройками, дачными участками. Напоминать детям об опасности игр со спичками, о последствиях, к которым может привести такая игра.

Нельзя:

- на участке разводить костры, сжигать мусор, отходы. При необходимости, сжигать только в контейнерах (железных бочках);

- выжигать сухую траву, складировать на участке отходы и мусор, бросать не потушенные спички, окурки, оставлять во дворах баллоны с газом, а также емкости с легковоспламеняющимися или горючими жидкостями, загромождать проезды улиц, ведущих к частным домам и садовым участкам, так как это препятствует проезду пожарных автомобилей.

Е. ТУЛЕНДИНОВ,
Инженер ОЧС Ескельдинского района

ТӘН КЕМІСТІГІ КЕМШІЛІК ЕМЕС!

Адам болып, дүние есігін ашқаннан бастап өмір сүру өз қолымызда. Жаратқанның жаратуымен өмір атты кеменің толқынымен жүру, сау болып я болмаса ақаулықпен туылып өмір сүру-ол маңдайға жазылғаны. Ешкім біліп өмірге келмейді. Сау болып келіп, кеміс болуға да ешкімнің кепілі жоқ. Бәрі бір Жаратушының ақ қолында. Міне, бүгінгі мақалама арқау боп отырған «Тән кемістігі кемшілік емес!» тақырыбым тегіннен тегін емес. Дүние жүзінде миллиардтап адам дүниеге келсе, соның бәрі мінсіз емес. Бірін туылғанда анасын кінәлап жатса, енді бірі тұқым қуалаушылыққа деп жорып жатады. Түпкі мәні – Алланың берген сынағы. Сынақ дейміз бе, кейбіреуі өз қолдарына өздері балта шауып жатады. Мұны қалай түсінеміз? Жан саулығы-тән саулығы дейміз. Әркім әртүрлі түсінеді. Адам құқықтары жөніндегі уәкілдік жүргізген мониторинг бойынша интернаттық мекемелерде өмірінің соңына дейін қалуға мәжбүр балалар бар. Оларды асырап алуға көпшілік құлықсыз. Омбудсменнің айтуынша, мұның басты себебі – мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтендіру жолға қойылмаған. Қоғам мүгедек баланы тәрбиелеп, қатарға қосудан қорқады. Бірақ дамыған елдерде кемістік кемшілік емес. Мүгедек бала мен сау баланы асырап алудың арақатынасы шамалас. Шетелде денсаулығында кемістігі бар балаларды асырап алу процесінің кең таралғаны соншалықты, кейбіреулер шетелден де балалар асырап алуға көшкен. Әр ата-ана бауыр етібаласының дені сау болып туып, қатарынан кем қалмай өсуін тілейді. Ал балалардың өмірге мүгедек болып келуі кімкімге де ауыр соққы. Осыдан болып шаңырағы шайқалған талай отбасы бар. Мұндайда көбіне әке шіркіндер бойларын ала қашып, аналар тағдыр тауқыметін жалғыз арқалайды. Баласы қандай күйге душар болса да жүрегі езіліп тұратын қайран ана жүрегі-ай дейсің мұндайда. Дерттің ауыр түріне шалдыққан өскіндердің көпшілігі арбаға таңылған, өздігінен қозғалып жүре алмайды, сөйлеу, есту қабілеттері нашар дамыған. Балалардың кішкентай кезінде тағы ештеңе емес. Өскен сайын оларды көтеру, алып жүру жалғызбасты аналарға қияметтің қиыны. Бейкүнә баласының дертпен жалғыз арпалысып, өзімен-өзі өгейлік күйін кешуі – анасының жанын жегідей жейтіні тағы бар. Осындай психологиялық-моральдық соққыға қарамастан байғұс әйелдер үміттерін үзбей, балаларын оңалту қамымен қандай ауыртпалыққа да төтеп беруге бар.

Ауданымызда «Мүмкіндігі шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету» бөлімшесі Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 263 бұйрығымен бекітілген стандартқа сәйкес қызметтер көрсетіледі.

Бөлімше есебінде қазіргі таңда 59 қызмет алушы бар. Оның ішінде тірек қимыл апараты бұзылған балалар саны -32, 18-жасқа дейінгі жүйке ауруына шалдықан бала саны-12, 18-жастан асқан жүйке ауруына шалдыққан балалар саны-15. Әрбір баланың қажеттілігін бағалау және айқындау бойынша әлеуметтік бейімсіздену және әлеуметтік депривация деңгейіне қарай, тыныс- тіршілігінің шектелуі негізінде және әлеуметтік ортаның жай- күйіне байланысты 8 бағытта арнаулы әлеуметтік қызметтер бар. Әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, әлеуметтік - медициналық, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік - құқықтық, әлеуметтік-еңбек және әлеуметтік-мәдени қызмет түрлері бойынша әр балаға жеке жоспар жасалады, бекітілген кестеге сәйкес қызмет көрсетіледі. Қызмет алушылар жеке оңалту бағдарламасына сәйкес гигиеналық құралдар, жаялық, дәрет ыдысы, ортопедиялық қысқы-жазғы аяқ киімдер, саноторлық-курорттық емдеу, жетек арба, қол арба, (серуендейтін, үйде жүретін), жақпа майлармен уақытында қамтамасыз етіліп отырады. Бөлімше қызметкерлерімен бірлесе отырып мерекелік іс-шаралар яғни, шырша мерекесі, наурыз мейрамы, 1- маусым балаларды қорғау күніне орай және де «Жанашыр жүрек» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, үнемі өткізілуде. Бөлімшеде штаттық кестеге сәйкес меңгеруші маманы-1, әлеуметтік кеңес беруші маманы -1, әлеуметтік қызметкерлер -12.

Бөлімше меңгерушісі Мырзакулова Меруерт Тұрсынбайқызы жоғарғы білімді, еңбек өтілі 19 жыл мектепте инфарматика пәні мұғалімі қызметінде болған. 2019жылдың маусым айынан бастап бөлімше меңгерушісі қызметінде еңбек етуде. Кеңес беруші маманы Есенаманова Ажар Кайнарқызы 2010 жылдың қаңтар айынан бастап бөлімшеде еңбек етеді.

-Меруерт Тұрсынбайқызы, сіз неліктен осы мамандықты тандадыңыз?

- Мамандық бұл жай күн өткізу, ақша табу емес. Әр адам өз мамандығынан рухани күш алып,еңбектің рахатына бөленуі тиіс. «Ұялмаған әнші болады,ерінбеген етікші болады»,-дегендей,тіпті етікші болсаң да, өз ісіңнің шебері болуың тиіс. Мамандық таңдауда шатаспау керек. Жүрек, жан қалауы мен жасаған жұмыста береке мен нәтиже бар.

-Мүгедек балалардың қоршаған ортаға еркін бейімделуге қандай дайындық жасалады?

- Ата-аналармен, педагогтардың негізгі міндеттері мүмкіндігі шектеулі балаларды қоршаған ортаға еркін бейімдеу. Бұл негізгі міндеттерді шешу жолында оқыту, тәрбиелеу барысында ата-аналармен , мектеп жасына дейінгі мекемелердегі мамандар атқаратын іс-әрекеттері оқыту бағдарламасына сай болуы тиіс.Дамуында кемшілігі бар балалармен өмірге бейімделу жұмыс барысында істелетін оқыту, тәрбиелеу бағыттары аз емес.

1. Баланың алғаш ортаға түскеннен кейінгі қарым-қатынасын бақылау,өзін еркін сезінуін бақылау, құрдастарымен тіл табысуын қадағалау.
2.Ортаға еркін бейімделуін қалыптастыра дамыту.
3. Өзіндік дағдыларын дамыту. Жеке дамушылығына жұмыс жасау.

Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс барысында баланың мінез құлқына мән берілуі керек. Баланың белсенділігін, білімін тексере отырып барып бағдарлама құрастыра аласыз.

Кейбір балалар ортаға түскенде ашуланшақ келсе ал кейбір балалар ашылмайды, ортаға қорқынышпен қарайды. Сондықтан баламен жеке дамыту жұмыстарынның маңыздылығы зор.

Дамуында кемшілігі бар балалардың қоршаған ортаға бейімделуі қиындыққа соғады. Сондықтан мектеп жасына дейінгі балалардың үйден оқытылу қорытындысы берілсе арнайы бағдарламалар жасалады. Мүмкіндігінше балана арнайы мекемелерде тәрбиеленсе құп болатын еді. Баланы өмірге дайындау, бейімдеу оқытудағы барлық тәрбиелеу қағидаларынан тұрады. Әрбір бала өзінің дамуын қалыптастыра білуі керек. Бала өз-өзіне қызмет ете білу дағдыларын қалыптастыра дамыту болып табылады. Ата-анамен , педагог баланы неғырлым өзіне сенімімен қарауға, қоршаған ортаға тезірек бейімделіп кетуіне ықпал жасауы тиіс.

Ата-ана балаға қорғау режімін ұйымдастыру керек, бұл баланың жүйке жүйесін қорғап нығайтады. Әдет дағдылар баяу қалыптасады, сондықтан қорғау режімін сақтап көп жұмыс істеуге тура келеді. Мүмкіншілігі шектеулі балаларды тәрбиелеуде және әлеуметтендіруде өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру және өмірге бейімдеу өте маңызды:

-ұсақ моторикасын дамыту;
-өздігінен тамақтану;
-өздігінен киініп-шешінуге үйрету;
-баланы тазалыққа дағдыландыру.

Баланы адамдармен қарым-қатынас жасауға, қоршаған ортамен таныстыру қажет (бала қай жерден азық-түлік,т.с.с сатып алынатынын білуі тиіс)

Ата-ана баланы сұрақтарға толық жауап беруге, өз ойын жеткізуге, өзінің және басқа адамдардың іс -әрекетін бағалауға, әңгімелеуге үйреткені дұрыс.Осындай тәрбие барысында баланың танымдық іс-әрекеті, зейіні,ойлау, есте сақтау ккбілеттері, тілі қажетті дағдыларымен біліктіліктері дамиды.

Баланың дамуындағы тежелуін алдын алуда ойын іс-әрекетімен сенсорлық тәрбиелеудің маңызы зор.

Сенсорлы тәрбие арқылы көру, есту қабілеттерімен тактилдік қабылдауы дамиды (түстерді ажырату, заттарды түсіне, пішініне,көлеміне қарай топтастыру т.с.с).

Ойын – мектепке дейінгі балалардың іс-әрекетінің жетекші түрі.Сондықтан ойын іс-әрекетін ынталандыруға көп көңіл бөлген дұрыс. Ойын іс-әрекетін қалыптастыру барысында балалардың барлық психикалық процестері белсендіріледі,қарым-қатынас құруға үйренеді,қоршаған ортаға бейімделеді.Анасы баласымен ойнағанда оның іс-әрекетіне түсініктеме береді,әр түрлі бағытта сұрақтарды қайталайды.

Сонымен ақыл-ой дамуында кемшілігі бар балаларды отбасында тәрбиелеуде ата-аналар келесі бағыттар бойынша жұмыс істеуі тиіс:

-Баланың жеке бас ерекшелігі мен жасына қарай психикалық дамуын ынталандыру;
-қорғау режімін сақтап, оқу және тәрбиелеуге жағдай жасау;
-баланың тілін, көңіл күйін іс-тәжәрбие арқылы ата-анамен қарым қатынас жасауын қалыптастыру.

Әлеуметтік және ортаға бейімдеу баланың танымдық әлемінің белсенділігін арттыруға бағыттау болып табылады.Отбасында, мүмкіндігі шектеулі мүгедек балалары бар ортада, әлеуметтік мәселелерді зерттеу және оны шешу жолдарын анықтау мамандардың өзекті бағыты болмақ.

Тақырыптың өзектілігі –мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамда әлеуметтендіру қазіргі заманымыздың ең өзекті мәселесі болып отыр..

Егер мүмкіндігі шектеулі мүгедек балаларды әлеуметтендіру жұмысы жан-жақты қолға алынса, ата-анасы толық ақпараттанса кемтар балалар қоғамда өздерін тең құқылы азамат ретінде сезінер еді.

Сондықтан да, әр балаға күннің кез-келген уақытында өзі емін – еркін қимылдап, жүріп тұруы үшін даму ортасын жасап, қамтамасыз ету керек. Белсенді іс-әрекетке бейімдей түсу керек.Әр баланың жас ерекшелігін де ескерген жөн. Үлкендермен балалардың өзара іс-әрекеттері бір бірімен білімді ұйымдастырылуы қажет. Ол дегеніміз баланың өзіндік емін-еркін қимыл-қозғалысы, ойын іс-әрекеттері. Баланың іс-әрекеттері жаттыққан сайын күрделене түседі. Баланың әр жетістігі өзіне деген сенімін арттырады. Осының барлығын ескере отырып, әр ата-ана дамуында кемістігі бар баласына арнайы жағдай жасап отыруы керек. Бала тәрбиесіндегі әдіс-тәсіл нәтижелі орындалып отыруы керек-ақ. Мінеки отбасымен бірігіп атқарған жұмыс нәтижесі алдағы уақытта баламен қай бағытта, қалай жұмыс жасау керектігіне көмектеседі. Мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамнан тыс қалдырмай өмірде еркін өз орнын таба білетін азамат ретінде тәрбиелеу бейімдеу мамандардың еншісінде.

-Мүгедек балалардың ата-аналары көптеген әлеуметтік проблемалармен бетпе-бет келеді. Ата-аналармен жұмыс сіздерде қалай?

-Бүгінгі таңда мемлекет тарапынан мүгедектер үшін көптеген бағдарламалар жасақталып, жұмыстар жүріп жатыр. Қай ана баласын кемтар болсын десін. Жанына батқан дертке көндіккеннен басқа амалы жоқ. Бізге келген әрбір ата-ана мен жекелей де топтық та жұмыс жасаймыз. Алғашында жүрегіміз ауыратын, қәзір үйрендік. Жан мен жүрек ауырғанға да көндік. Қиын, ешкімге мұндай ауыртпалықты тілемейміз. Келген аналармен барлық дерттерін сауықтырмасақ та, бір мезеттік болсын ойлары мен көңілдерін көтеріп қаламыз. Жұмыстағы қыздардың барлығы білікті. Жан-жақты дамытқан білімдерін. Түрлі мерекеде, әртүрлі шаралар ұйымдастырып, олардың көңілдері бір марқайып қалады. Балаларының шамалары келгенінше өнерлерін көрсетіп, тамашалайды. Әрбір ана өз баласының жетістігін көру қуанышына ие болып, шатттанып, біздерге алғыстарын жаудырып жатады.

-Бүгінде әлеуметтік желіні ашып қалсаңыз, баласының еміне көмек сұрап зар жылаған ана мен саулығына сауға сұраған науқас жанның бейнежазбасынан көз сүрінеді. Рамазан айы мен Құрбан айт секілді діни мерекелерді айтпағанда, жай күндердің өзінде мұндай жарнамалардың жиі алдымыздан шығуы нені білдіреді? Елімізде ауру бала, мүгедек адамның соншалықты көп болғаны ма? Әлде ұлт саулығын қорғайды деген медицинамыздың халі мүшкіл ме?

-Әлемдік медицина туа бітті, ауыр дертке шалдыққан балалардың құлан-таза айығып кетпесе де оларды ортаға бейімдеуге болатынын алға тартады. Ол үшін логопед, дефектолог, невропатолог, педиатр сынды мамандардың жұмыла жұмыс істегені керек. Қоғамдық қор өкілдері балаларына қамқор болатын мұндай мамандарды табуды да өз мойындарына алып отыр.Бізге қолғабыс етуге ниетті екендіктерін айтып, хабарласатын мамандар баршылық.Сондай жандардың көмегіне сүйенбекпіз. Қамкөңіл жандар қашан да жүрегін жылытатын жұбаныш іздейді. Өздеріне мұндас, сырлас іздейді. Аналар бір-бірімен әңгімелесіп, шер тарқатқысы келеді. Кез-келген бала, соның ішінде мүгедек бала да қоғам мен адамның көмегіне, қамқорлық пен махаббатқа құқығы бар. Ортадан жырақ қалған балаларда ондай қажеттілік одан да жоғары және де олардың кейбіреуі медициналық қызметкер мен педагогтың назарын үнемі қажет етеді.

Мүгедектігі бар адамдар өмірдің белгілі бір проблемалық аспектілерін талқылауға сарапшы ретінде белсенді қатысады. Мұндай тәжірибе тиімді шешімдер қабылдауға оң әсер етіп, азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін одан әрі жетілдіруге септігін тигізуде. Соңғы жылдары мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету жүйесінде елеулі өзгерістер орын алды. Қазақстан Мүгедектердің құқықтары туралы конвенцияға Факультативтік хаттаманы ратификациялады, ол азаматтарымызға Мүгедектердің құқықтары жөніндегі БҰҰ комитетінің қарауына жеке өтініштер жіберуге мүмкіндік береді. Әлеуметтік кодекс пен басқа да заңнамалар қабылданып, ерекше қажеттіліктері бар адамдарға білім алуға, жұмысқа тұруға, медициналық, әлеуметтік көмекке және т.б. құқықтарға кепілдік беруде. Мүгедектігі бар ересек азаматтар мен ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған оңалту орталықтары ашылуда. Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесі жетілдірілуде. Республиканың барлық өңірлерінде кедергісіз орта құру бойынша жұмыстар атқарылуда.

АРАЙ ӘДІЛ

ТӘТТІМБЕТ ҚАЗАНҒАПҰЛЫ

Тәттімбеттің жас шағында шығарған күйлері («Өкше күй», «Сылқылдақ» және т.б.) күйшінің музыкалық шығармашылығын зерттеушілерге оны композитор-лириктер қатарына жатқызуға мүмкіндік берді. Тәттімбет шығармашылығы бойынша түрлі жарияланымдармен таныса отырып, біз, тек бір ғана «Сылқылдақ» күйінің шығуы туралы аңыздың он шақты нұсқасының бар екендігіне көз жеткіздік, бұл композитор-күйші тұлғасымен қатар оның шығармашылығының да өз заманындағы танымалдығы мен аты аңызға айналған тұлға болғандығын көрсетеді. Тәттімбет Қоянды жәрмеңкесінде жиі өнер көрсетіп, «Сарыжайлау», «Балбырауын» және т.б. күйлерін орындаған. Оның өнерін құрметтеушілердің қатарында сол кездегі атақты жәрмеңкенің негізін салушы Варнава Ботов та болған .

Жас кезінен бастап Тәттімбет әкесіне әкімшілік және сот қызметінде, күрделі сот істерін шешуде көмектеседі. Әділ би және жоғары парасатты адам, мұқтаждарға көмектескен жомарт адам бола отырып, Тәттімбет жерлестерінің арасында үлкен құрметке ие болды. Ресей әкімшілігінің алдында өз руының мүддесін қорғады. Көшпелілердегі малдың жаппай қырылуына әкеп соққан 1840-1841 жылдардағы ауыр жұт кезінде бірқатар болыс билеушілері патша әкімшілігінің өкілі, Қарқаралы округінің заседателі Неговскийге малдарды қайта санауды өтінеді (1840 жылдың мал санағы 1840-1841 жылдардың қысында болған жағдайды ескермеді). Мәселенің шешімі ұзаққа созылады. Сол кезде жазда, 1841 жылдың 26 шілдесінде Тәттімбет пен Берді Тіленшин округтік приказға өз болыстарындағы мұқтаж қазақтар туралы мәселені шешу үшін Омбыға баруға рұқсат беруді өтінеді. Мұрағаттық құжаттарға сәйкес олар Омбы қаласына барып, көмекке қол жеткізді [5, б. 82]. Осы оқиғаларға байланысты Тәттімбет «Нар шөккен» күйін шығарады [12, б. 234].

Тәттімбеттің тікелей ұрпағы К.С. Мұсатаева Тәттімбет, оның ұлдары мен немерелері өз өлкесінің ең білімді адамдары болғанын айтты. Күйшінің өзі Мекке мен Мединаға қажылық жасап, араб және орыс тілдерін білген (Ресей биліктерінің мұрағаттық құжаттарында ол сауатсыз және орыс тілін білмеген деп жазылады, бірақ, шамасы онда кириллицаны білмеуі туралы айтылған болуы мүмкін, ал орыс тіліне қатысты, Тәттімбет орыс тілін жетік білмесе де, орыс тілін меңгерген).

К. Мұсатаева: «Күйші кітап оқығанды жақсы көрген, – оның үйінде тұтас бір кітапхана ретіндегі орын болған, ол жерде мұқабасы алтындалған том-том кітаптар қойылған. Оның ұрпақтарын құғындау жылдарында Тәттімбеттің жеке заттарының барлығы жоғалды» – деп жазады [17, б. 12].

Табиғат Тәттімбетті жан-жақты дарын иесі ретінде жаратты. Аңыз-әңгімлерге сәйкес Тәттімбет ашы, зергер, домбыра шебері, қару-жарақ шебері болды, сонымен қатар қылыш пен қамшыны еркін меңгерген [18]. Тәттімбет қонақжай, кең пейілді адам болған. Жер аударылған поляк А. Янушкевичтің күнделігінде оның Тәттімбеттің үйінде өзінің серіктерімен 4 күн қонақ болғандығын жазып кеткен.

Тәттімбет пен оның отбасы туған өлкесінің байлығы мен табиғатын сақтауда үлкен рөл атқарды. Тәттімбеттің өзі Сарыарқаның пайдалы қазбаларын барлауда белгілі үлес қосты. Геологтармен және орыс көпестерімен-өнеркәсіпшілермен танысып, олармен байланыста болды. Сарыарқа шаруашылығының дамуына Тәттімбеттің ағайындары ықпал етті. Құттымбет жылқы, соның ішінде әліталық тұқымдарды өсірумен айналысты. Зерттеуші М Гамарник ол да императордың қабылдауына барғанын және медальмен марапаттағанын айтады. Ырсымбет өлкедегі ағарту ісімен айналысты. Татарстан мен Башқұртстаннан молда шақырып, руластарының білім алуына жағдай жасады.

Тәттімбеттің бірінші әйелі Ақбөпеден (Қалайы) үш ұл туған – Мұсатай (1836-1920), Қысатай (1838-1921), Исатай (1840-1860). Исатай өте дарынды болған, бірақ ол жас кезінде қайтыс болған (20-21 жасында). Күйшінің бірінші әйелі балаларының жас кезінде өмірден өткен, Тәттімбет оның қазасына қайғырып сағынышы ретінде «Ақбөпе» күйін шығарған (бірақ, зерттеушілер бұл күйдің сақталмағынын және бізге жетпегендігін жазады). Кейін Тәттімбетке Бауыр Бошан руынан Есім атты 17 жасар қызды айттырып береді. Ол Тәттімбеттің ұлдарына ана болып, күйшіге Сәуле атты қыз туып береді. Сәуле әкесінің жолын қуып домбырашы болған. Бірақ, ол ерте 16-17 жаста қайтыс болады. Тәттімбеттің ұлдары жерлестерінің естеліктерінде адамгершілгі мол, рухани дүниелері бай, жаны таза, қабілетті азаматтар болған. Олар Мекке, Мединеге қажылыққа барып, халық арасында оларды «қажы» атаған [17, б. 12].

Тәттімбет Қазанғапұлы - қазақтың күйші-композиторы, шертпе күйдің шебері. Тәттімбеттің «Сарыжайлау», «Сылқылдақ», «Бестөре», «Көкейкесті» сияқты күйлері көпке танымал. Тәттімбет күйлерін атақты күйші Әбікен Хасенов жеткізген.

Тәттімбеттің қайтыс болған мерзімін 1859 жыл деп және осы жағдайға байланысты келесі мәліметтерді зерттеуші М. Бейсенбаев хабарлайды [6, б. 128]. Тәттімбеттің өмірінің соңғы жылдарында Тәттімбеттің көші-қон аумағындағы бос жерлерге байланысты ірі дау туындаған болатын. Мәселені анықтау үшін шенеуніктердің бірі күйшінің ауылына барып, оны тауып алуға тырысады. Бірақ, ауыл ақсақалдары оған Тәттімбеттің қайтыс болғаны туралы хабарлайды. Қарқаралы округтік приказына 1860 жылдың 6 маусымындағы мәлімдеме келіп түседі. Онда «Нұрбике-Шаншар болысының бұрынғы басқармасы сотник Тәттімбет Қазанғапов қайтыс болды» делінген [1, б. 104]. Тағы бір құжатта Тәттімбеттің орнына болыс басқарушысы ретінде 1859 жылы Б. Қойсоймасовтың сайланғаны, оның орынбасары ретінде Тәттімбеттің ұлы Мұсатай болғаны туралы айтылады [6, 128-129]. Бірақ, бұл құжатта Тәттімбеттің өлімі туралы айтылмаған. А. Сейдімбеков өз зерттеулерінде күйшінің қайтыс болған мерзімін – 1860 ж. деп көрсетеді [19, б. 5]. Тәттімбеттің замандастарының естеліктері бойынша ол қайтыс боларының алдында қатты ауырып, төсек тартып жатып қалған және болыстың істеріне араласа алмаған. Тәттімбеттің өмірі мен шығармашылығын зерттеуші М. Гамарник те осы мерзіммен келіседі [1, б. 104]. Ұлы күйші Тәттімбет Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы бұрынғы Арқалық кеңшарының аумағында жерленген.

Еңбегі

Тәттімбет тақырыбы бойынша әртүрлі 40-тан астам күйлердің авторы («Қосбасар», «Көкейкесті», «Былқылдақ», «Қорамжан», «Алшағыр», «Боз айғыр», «Сары өзен», «Бозторғай», «Балбырауын», «Жетім қыз» және т.б.), музыкалық шығармашылықта лирик ретінде бекітіледі. «Сылқылдақ» дебютті күйі жас күйшіні бүкіл далаға танымал етті. «Сары жайлау» күйінде табиғат пен өмір туралы философиялық көңіл-күй айқын көрсетілген.

Өнертанушылар былай деп жазады: «музыкалық ойдың ауытқуы, композицияның мәнерлілігі мен ауқымдылығы бойынша бұл туындыны керемет деп атауға болады» [1, 94 б.]. Оның шығармалары нәзік лиризм, терең психологизм, ерекше бейнелі күшімен ерекшеленеді. Тіпті жас шағында Тәттімбет терең философиялық мағыналы, толқынды қаһарымен және кемел адамның ой-өрісі бар эпикалық тектегі күйлерін туындатты («Қосбасар», «Алшағыр» және т.б.), олар оның серэ авторлық стилінің шығармаларынан полярлы ерекшеленді. Дала аңызы 18 жасар Тәттімбетке «Мен өзіме бүкіл халқымның қайғысын жинап алдым» деген сөздерді телиді. Тәттімбет шығармаларында тек жергілікті сары-арқалық дәстүр ғана емес, онда Қазақстанның басқа да аймақтарының музыкалық дәстүрлері көрініс тапты.

Тәттімбет күйлері жалпы орындаушылық тәсілдердің көп санымен, форманың ауқымдылығы мен монументтілігімен, тақырыптардың, сюжеттер мен бейнелердің әртүрлілігімен таң қалдырады. Тәттімбет тамаша орындаушы және импровизатор болды. 1838 жылы Омбыда Тәттімбет билердің кеңесіне келіп, генерал-губернатордың қабылдауына шақырылды. Ол кездесуде өзінің атақты «Қосбасар» күйін орындап, қазақ домбырасында ойнайтын музыканттың тамаша шеберлігін көрсетті [20, б. 3].

Өнертанушылар Тәттімбеттің ауызша дәстүрдің кәсіби музыканты болып табылатындығына бірауыздан келіседі, оның шығармашылығы Арқаның шертпе-күй мектебінің шыңына айналған. «Айырмашылық ең алдымен «Тәттімбет мектебіне» тән ерекше ойын техникасымен түсіндіріледі. Жібектей нәзіктік, дыбысталудағы ықтияттылыққа шектерді барлық саусақпен (төкпе) тартып емес, саусақтардың шертпелі тәсілмен (шертпе) талғампаздықпен тартуымен, сонымен қатар бір және басқа жаққа да, дыбысталуға қол жеткізіледі» [21, б. 355]. Музыканттар жазғандай, «сырт көзге қарапайым болғанымен, Тәттімбеттің күйлері әуендік суретінің зергерлік дәлдігі, әсем нюанстары және дыбыс шығарудың ерекше техникасы орындау үшін жеткілікті қиын болады. [21, б. 356-357]. Тәттімбет шығармашылығының шыңы – композитор өмірінің соңғы жылдарында шығарылған «Көкейкесті» («Ең құрметті») күйі болып табылады, аңыз бойынша өмірінің соңғы күндерінде шығарылған және Тәттімбеттің халін сұрауға келген достарына арналған. «Соңғы күйлерінде кешінде жеңіл мұңның, белгілі бір психологиялық шоғырланудың, нәзік лиризмнің және ашық жүректің ұстамды эмоцияларының интонациялары пайда болады» [21, б. 361].

Тәттімбет Қазанғапұлы жоғары адамгершілік қасиеттерімен, әділеттілігімен және басқаларға көмектесу қабілетімен әйгілі болған, Қарқаралы ауданының Нұрбике-Шаншар болысының басқарушысы болды (1842-1854 жж.). Оның бұл қызметті атқарғандығы туралы мұрағаттық деректер бар: «жүзбасы Тәттімбет Қазанғапов дәрежесі бойынша өзінің жеке басының абыройын қолданады, бірақ саудагерлер гильдиясында тіркелмеген. Ол 1842 жылдың 20 қаңтарынан 1854 жылдың 25 қаңтарына дейін Қарқаралы ауданының Нұрбике-Шаншар болысының билеушісі болған және 1853 жылғы 29 шілдедегі шыққан бұйрықпен отбасылық жағдайлар бойынша сұранысқа байланысты бұл қызметтен босатылған, ол сотта және тергеуде жоқ және болмаған» [22, б. 89]. Басқа деректерге сүйенсек, Тәттімбет 1844 жылы болыстық басқарушы болып сайланады және 1845 жылы әкесі қайтыс болғаннан кейін қызметіне бекітіледі [22, б. 83-84]. Мұнда Тәттімбеттің Ресей әкімшілігіне жазған және оның қазақтарды сауда-саттықта қиыншылықтар немесе шығындардар әкелетін адамдардан қорғағысы келгендігін растайтын құжаттары бар.

1851 жылы 22 қазанда Қарқаралыда болыстық билердің бірлескен жиналысы өтті, оған Абайдың әкесі Құнанбай, Тәттімбет және тағы басқалары қатысқан, жиналыстан кейін Қарқаралы ауданының бірнеше болыс басқарушылары (соның ішінде Тәттімбет те болған) Омбыға аттанған, бұл орыс әкімшілігінің көз алдында болыстық басқарушы ретінде Тәттімбеттің барынша жоғары беделге ие болғандығын көрсетеді.Тәттімбет қазақдаласының Ресей мемлекетінің отарлауына ашық қарсылық көрсетудің мүмкін еместігін түсінетін қазақтың далалық элитасының бөлігінен болды. Әкесі сияқты ол да орыс армиясының әскери шенін қабылдайды. 1853 жылы Тәттімбетке хорунжий атағы беріледі. 1855 жылдың қысында Тәттімбет қазақ делегациясының құрамында Орта жүздің 8 депутаты Санкт-Петербургке барып, император Александр II таққа отыру рәсіміне қатысты. Депутаттардың атаулық тізімі өте әсерлі болды: «1. Сібір қайсақтарының облыстық басқармасының кеңесшісі подполковник Шыңғыс Уәлиханов» (Шоқан Уәлихановтың әкесі). Орыс тілінде жақсы сөйлейді. «2. Ақмола округінің аға сұлтаны прапорщик Ибрагим Жайықбаев. Орыс тілінде жақсы сөйлейді. 3. Баянауыл округінің аға сұлтаны жүзбасы Мұса Шорманов. Орыс тілінде жақсы сөйлейді. 4. Ақмола округінің сұлтаны Бегалы Қоңырқұлжин. Орыс тілінде сөйлемейді. 5. Баянауыл округіндегі қайсақтардан заседатель хорунжий Шекербай Малгелдин. Орыс тілінде сөйлемейді. 6. Әлеке-Байдалы болысының болыстық басқарушысы Аққошар Кішкентаев. Орыс тілінде сөйлемейді. 7. Қарқаралы округінің Нұрбике-Шаншар болысының биі Тәттімбет Қазанғапов. Орыс тілінде сөйлемейді. 8. Көкшетау округінің Есенбай-Қарауыл болысының биі Шүбек Байсарин. Орыс тілінде сөйлемейді» [8].

Сәбит Мұқанов Тәттімбеттің бұл тізімге енгенін келесідей деп жазады. Делегация құрамында орын алу үшін аға сұлтандар Құсбек пен Жамантайдың бақталастығына байланысты екеуі де осы мүмкіндіктен айырылды, ықпалды қазақтар бұл орынға Құнанбай Өскембаевты (Абайдың әкесі) ұсынды. Бірақ Құнанбай Меккеге қажылыққа дайындалып, Петербургке барудан бас тартып, өзінің орнына Тәттімбетті ұсынды. Соңғысының беделі жеткілікті болды, оның кандидатурасы мақұлданды. Қазір шындығында солай болды ма, айту қиын, бұл тарихи факт немесе жазушының ойдан шығарғаны ма, анықтау қиын. Бірақ, Тәттімбет қазақ делегациясы құрамына қосылып, Петербургке кетті.

1855 жылы 23 наурызда Александр I делегацияны қабылдады. Қабылдауда Тәттімбет өзінің бірнеше күйлерін орындады және марапатталды: орындау шеберлігі үшін «таспадағы Анна» күміс медалімен мадақталды,сонымен қатар әкімшілік қызметі үшін Ресей армиясының жүзбасы атағын алды. Отбасылық дәстүр бойынша, патша Тәттімбетке тұтқасында изумруд тасы бар және «Қырғызқайсақ Тәттімбетке императордан» деп нақышталған болат пышақ сыйлады [17, б. 12]. Бұл патшалық сыйлықтардың бір бөлігі, өлкетанушы Ю. Поповтың көрсетуінше, оның ұрпақтарында сақталған [8]. Отбасылық аңыз бойынша, К.С. Мұсатаева айтып берген, Тәттімбет Николай I қабылдауында болған.

Тәттімбет туралы, оның дипломатиялық қызметі туралы аңыздар бар. Жас кезінде Құнанбайдың (Абайдың әкесі) нұсқауларын орындай жүріп, қазақтардың екі мемлекетте (Ресей империясы мен Қытай) екіге бөлініп кетпес үшін Шығыс Түркістандағы орыс бодандығын қабылдау туралы келіссөздер жүргізу үшін барған. Аңыз бойынша ол шығарған «Алшағыр-Шаған» және «Қорамжан» күйлері осы елшіліктің оқиғаларын бейнелейді. Тәттімбет жүргізді деп айтатын тағы бір елшілігі – Кенесары ханға сапары. Аңыз бойынша Тәттімбеттің «Азына» («Жылау») күйі оның қайғылы өліміне арналған.

«Тұранның ақсүйектері» деген суретте Тәттімбеттің қайтыс болғанға дейінгі суреті берілген. Сондай-ақ, суретте қазақтар арасында танымал қоғам қайраткерлері бар. Жоғарғы қатарда сол жақтағылардың бірі – Абайдың ағасы Халиолла Өскенбайұлы; төменгі қатарда (солдан оңға қарай) Атбасар округінің аға-сұлтаны Ерден Сандыбайұлы, Көкшетау округінің аға сұлтаны Шыңғыс Уәлиұлы (Шоқан Уәлихановтың әкесі), Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны Мұса Шорманов, Қарқаралы округінің аға сұлтаны Құсбек төре.

Тәттімбет өзінің округінде кен орындарының жақсы білген. XIX ғасырдың ортасынан бастап аймақты индустриалдық игеру басталады. Орыс көпестері қазақ даласына барлау және кен орындарын игеру үшін барады, тау-кен зауыттарын салады. Тәттімбет олардың кейбірімен, атап айтқанда С.И. Поповпен таныс болған. 1857 жылы Тәттімбет «алтын өндіру» өндірісіне куәлік алды. Тәттімбет болашақта аймақтың өндірістік дамуы сөзсіз болатынын жақсы білді.

Ұлықталуы

Тәттімбеттің шығармашылығы мен тұлғалық бейнесіне арналған кітаптар, өлеңдер, жүздеген мақалалар, диссертациялық жұмыстары қорғалған (Гамарник М.Я., 1996). Ол туралы фильмдер түсірілді, Тәттімбеттің өмірі мен шығармашылығы туралы алғашқылардың бірі болып «Ғасырлар жолдары» атты телевизиялық фильм 1968 жылы Қарағанды телестудиясында түсірілген. 1998 жылы қазақ ақыны Кәкімбек Салықов жұмысын аяқтап, «Тәттімбет» поэмасын жариялады, кейін бірнеше рет басылып шықты. Ұлы күйші көркем суреттерде, мүсіндерде және т.б. бейнеленген.

Тәттімбеттің ұрпақтары мен жерлестері ұлы күйші Тәттімбеттің мұрасын тарихи жадыда сақтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасауда (Қ.С. Мұсатаев, Т. Түсіпбеков, Т. Әсемқұлов, А. Брагин, Ю. Попов және т.б.). Француз тарихшысы Гзавье Аллес әйгілі композитордың туындыларын зерттейді, ол музыкалық баспагерлерге Тәттімбеттің шығармашылық мұрасының бірегейлігіне көздерін жеткіздірді, оның бастамасы мен оның көмегімен Париждегі әлемдегі әйгілі музыкалық «Buda Musique» студиясында ұлы композитордың шығармаларынан тұратын альбом шығарылды [23].

Тәттімбет кесенесі.

Тәттімбеттің күйлері Қазақстанның барлық оркестрлерінің репертуарында кеңінен ұсынылған, Тәттімбеттің күйлері жазылған жазбалар мен дискілер шығарылды. Музыкалық мектеп, филармония және Қарағанды қаласындағы қазақ халық аспаптар оркестріне Тәттімбет есімі берілген.

Егіндібұлақ ауылында мемориалдық ескерткіш-стелла (барельеф), мемориалдық тақта орнатылған, Алматы және Қарағанды қалаларында көше атауларына Тәттімбет есімі берілген. 1962 жылы Ақтасты ауылы маңындағы Тәттімбет қабіріне кесене тұрғызылды. 1990 жылы Егіндібұлақ ауданының Арқалық совхозы Тәттімбет болып аталды.

2016 жылдың 11 наурызында Анкарада (Түркия) композитор Тәттімбеттің құрметіне оның атындағы саябақ ашылды.

ЖАЛҒАСЫ
АҚПАРАТ КӨЗДЕРІНЕН

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

Жетісу облысы, Ескелді ауданының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жергілікті «Жетісу шұғыласы» газет бетіне жарияланған соң күнтізбелік 30 күннен кейін, он бес жұмыс күні ішінде, яғни 2024 жылдың 29-сәуірден 22-мамырға дейін қабылданады. (040500 Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67), Ескелді ауданының әкімдігі №5 кабинетке табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың22-мамыр айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылдың 23-мамыр айының 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы Оразбеков көшесі, 67, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші уәкілеттік берген адамның (бар болса) аты, тегі және әкесінің аты, уәкілеттік берілген адамның жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), оның тұрғылықты мекенжайы, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, уәкілеттік берілгенін растайтын деректемелер;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологиялар, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде «шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс» және «

жылғы _____»_____ « дейін ашуға болмайды» (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Ауыл шаруашылығымен айналысатын тұлғалар конкурсқа қатысу үшін қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін Ескелді ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне (72836) 3-17-68 телефон арқылы хабарласуға болады.(мекенжайы: Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Сәтпаев көшесі, 65 ғимаратының 3 қабаты 20 кабинет.)

Ескелді ауданының
ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОНО ПРОИЗВОДСТВА

Ескельдинский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министр сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Жетісу шұғыласы» и интернет-ресурсе Акимата Ескельдинского района объявляет о проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 30 календарных дней после публикации, в течении 15 рабочих дней; с 29 апреля по 22 мая, по адресу: (040500 область Жетісу , Ескелдинский район, с.Карабұлак, ул. Оразбекова №67), в кабинете №5 Акимата Ескельдинского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 22 мая 2024 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 23 мая 2024 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Ескелдинский район, с.Карабұлак, ул. Оразбекова №67) в большом зале районного акимата.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителях и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;

для физических лиц – фамилию, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;

местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;

конкурсное предложение;

обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала «электронного правительства».

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства. В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строчками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсного предложения указывается надпись «Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства» и «Не вскрывать до: «___» _____ года» (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и запроса звоните в отдел сельского хозяйства и земельных отношений Ескельдинского района тел: 8 (72836) 3-17-68 (адрес: Ескельдинский район, с.Карабулак , ул.Сәтпаева № 65 3 этаж, кабинет №20.)

Отдел сельского хозяйства и
земельных отношений Ескельдинского района

ПЕРЕЧЕНЬ ЗЕМЕЛЬНЫХ УЧАСТКОВ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОГО НАЗНАЧЕНИЯ, ВЫСТАВЛЯЕМЫХ НА КОНКУРС

Лоты №	Местоположение земельного участка (сельский округ)	Площадь га.	Вид угодья земельного участка	Качественные харакеристики почвы	Баллы бонитета	Водообеспе-ченн ость	Сельскохозяй-ственная специализация региона	Срок аренды
